

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2242 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 229 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Орта мерзімді кезеңге (2010 - 2012 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2242 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген орта мерзімді кезеңге (2010 - 2012 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесінде: «Жақсартылуы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын қолда бар мемлекеттік меншік объектілері» деген 1-бөлімде: реттік нөмірі 3-жолдың 2-бағанында «Астана - Қарағанды» деген сөздерден кейін « 1142 - 1216 км» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 3-1, 3-2, 3-3-жолдармен толықтырылсын:

«

3-1	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1096-1142 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3-2	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1038 - 1096 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3-3	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 997 - 1038 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ

».

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң